## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 001 "Әкімшілік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған паспортын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 25 қаңтар N 102

"Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңын орындау үшін және "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 001 "Әкімшілік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған паспорты бекітілсін.

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 102 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

____________________________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

### 001 "Әкімшілік шығындар"
### республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған
### ПАСПОРТЫ

1. Құны: 650 364 мың теңге (алты жүз елу миллион үш жүз алпыс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 8, 18, 21-24-баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабы; "Қызмет бабында пайдалану үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы"

Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функциялар мен міндеттерді барынша тиімді орындауы үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының, оның комитеттерінің және олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппаратын, оның комитеттерін және олардың аумақтық бөлімшелерін ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдар. коды | Кіші бағдар. коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Әкімшілік шығындар | | | |
| | | 001 | Орталық органның аппараты | Штат санының бекітілген лимитіне сәйкес 464 бірлік көлемінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппаратын және оның комитеттерін ұстау <*> | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Штат санының бекітілген лимитіне сәйкес 1035 бірлік көлемінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Комитеттерінің аумақтық органдарын ұстау | | |

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.09. N 1291 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан

Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уақытылы орындау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК